

Естайдың бюсті орнатылды

Біздің қалада қазақтың біртуар ұлдары Мұхтар Әуезовке, Абай Құнанбаевқа және Сұлтанмахмұт Торайғыровқа ескерткіш-бюст орнатылғаны белгілі.

Конституция күні қарсаңында тағы бір маңызды оқиға орын алды. Беркімбаев көшесі бойындағы “Отырар” сауда үйінің жанындағы алаңқайда ақын-сазгер, әнші Естайдың тас мүсіні тұғырға қонды.

Орайы келгенде, Естай ескерткіші лайықты орынға орнатылғанын айтқанымыз жөн. Оған қоса ескерткішке баратын жолға асфальт, қапталындағы тротуарға қима тас төселіпті. Ескерткіштің маңайына гүлдер отырғызылып, абаттандырылған. Гүлзармен көмкерілген еңселі ескерткіш-бюст анадайдан көз тартады. Алаңқайға көтерілетін баспалдақтар да әдемі жасалған.

Дөңестеу алаңқайға орнатылған ескерткіш едәуір биікте тұр.

Ескерткіштің ашылуына қала әкімі Н.А.Нәбиев және Естайдың ұлынан туған немересі Зекен апа қатысты.

-Естай өз өлеңінде “Япырмау, қартайдым

ба, денем ауыр,
Менде жоқ
жаны ашитын
туыс-бауыр”, -
дегенде, жалғыз
ұлы Жан-
әбілден айры-
лып, артында
ізін жалғас-
тырар тұяғы
қалмағанын
мензеп еді. Сол
Жанәбілден екі
қыз қалдық. Бірі
менің әпкем,
жол алыс бол-
ған соң келе ал-
мады, екіншісі -

мен. Атамыз дүниеден озған соң, ағайындар өзара ақылдасып, шаңырақ иесіз қалмасын деп біздің үйге атамыздың інісінің ұлы Қыздарбекті отбасымен кіргізді. Бізді сол ағамыз тәрбиеледі. Ол Естайдың екі немересін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қатарға қосты. Өмірінің соңында Екібастұз қаласында тұрған атамыз тоқсан жастан асып дүние салды. Естай атамыздың дүниеден озғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, халқы оны әспеттеп, өнеріне лайықты бағасын берді. Мен ризамын, - деді Зекен апа тебіреніп.

Осыдан кейін апамыз қала әкімі Нұрлан Абзалұлымен бірге Естай ескерткішінің бетіндегі жамылғыны сыпырды.

Шара барысында Қыздарбектің немересі Еркебұлан Әміренов атасына арнаған өлеңін оқыды.

Осы күні Естайдың әйгілі “Қыз Қорлан” әні орындалып, Естайдай дарынды ұлын ардақтаған халық бір жасап қалды.

Дария ЕРҒАЗИНА

